




## М. Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы гимназиясы,

### 7 «А», 7 «В» сынып оқушылары 29.02.2024 ж. лессон стади бақылау тест тапсырды.

**Мақсаты:** Екінші тоқсанның қорытындысы нәтижесінде сапасы төмен түскен сыныптарда өткізілген лессон стади зерттеу жұмысының нәтижесін бақылау.

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Ол XIX ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда бастау алып, осылайша Батыста қолданылатын «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілінен 70 жыл бұрын қолданыла бастаған. Lesson Study-ге шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Екінші тоқсан бойы аталған сыныптарда зерттеу тобы жұмыс жасап мұғалімдер өздерінің сабақтарында түрлі әдіс – тәсілдерді пайдаланды.



ДБОЖЖО Ауесханова Г. С.